

МӘТІН АРҚЫЛЫ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ: ТИІМДІ ӘДІСТЕР МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕР



Искакова Купан Балыкбаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Алматы қаласы

№ 38 «М.В. Ломоносов атындағы Қазақстан-Ресей гимназиясы»
КММ

Аннотация: Бұл мақалада мәтінмен жұмыс істеу арқылы оқушылардың жазылым дағдыларын дамыту әдістері қарастырылады. Жазылым – тілдік дағдылардың негізгі түрлерінің бірі ретінде оқушының ойды сауатты, байланыстыра жеткізу қабілетін қалыптастырады. Зерттеу барысында мәтінмен жұмыс істеудің тиімді әдістері: мәтінді бөліктерге бөлу, жоспар құру, түйін сөздермен жұмыс, графикалық органайзер, мәтін бойынша сұрақ-жауап, шығармашылық тапсырмалар беру сияқты тәсілдер талданады. Сонымен қатар, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жұмыстың кезеңдері ұсынылып, жазылымды қалыптастырудың коммуникативтік, когнитивтік және шығармашылық қырлары айқындалады.

Қазіргі таңда оқу процесінде түрлі тәсілдер қолданылып келеді. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқытудың басты ерекшелігі -оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру болып табылады. Тілдік дағдыларды дамыту оқыту үрдісінде маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Тіл үйренуде тек белгілі ережелерді білу ғана емес, сонымен қатар тілдік дағдыларды дұрыс пайдалана білу өзекті. «Дағды» сөзінің жалпы анықтамасына тоқталсақ, дағды – ұзақ уақыт қайталау арқылы қалыптасып, нақты бір дәрежеге дейін жетілдірілген әрекет, машықтанатын іс-қимыл болып табылады.

Оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау, сөйлеу, өз ойын еркін жеткізу, шығармашылық қабілетін жетілдіру және өз бетінше білім алу үдерісінде бірлесе әрекет етуде мәтінмен жұмыс жасау тиімді болып табылады. Мәтінмен жұмыс істеу арқылы жазылым дағдыларын дамытуға, оқушының білімін арттыруға болады.

Жазылым дағдысын дамытуда мәтінмен жұмыс істеп мәтіннің қызметін түсіндіру керек. Мәтіннің қызметін таныту арқылы оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауының бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады. Оқыту мен оқу үдерісінде білім алушы теориялық, танымдық ақпаратты мәтін арқылы алады, ал алынған ақпаратты қабылдап, ой елегінен өткізу арқылы шығармашылық әрекетпен өмірде қолданады. Яғни, функционалдық сауаты да қалыптасады.

Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге катысты тілдік

материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет. Қазақ тілі пәнінен оқушыларының жазба жұмыстарын зерттей келе жиі кездесетін қателіктерге сөйлем құрылымындағы қателіктер, сөйлемдерді өзара байланыстыра білмеу, абзацтарды дұрыс байланыстыра алмау жатады. Осы кезде мәтінмен жұмыс жасау процесін іске қосу қажет. Жазылым түрлеріне мыналарды шағын әңгімелер, тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, эссе жатады.

Жазылымды жоспарлаған кезде алдымен берілген тақырыппен оқушының қаншалықты таныс екендігін анықтап алып, олардың тақырыпты білетініне, сыныпта бірге талқылағанына және түсінгеніне сенімді болу керек. Сонымен бірге жазылым тапсырмасын орындауға қажетті лексикалық білімдері бар екендігін және орфографияны дұрыс білетіндігі туралы біліп алып, қажет болса сол бойынша оқушыға алдын ала қолдау көрсеткен жөн. Жазылымды жоспарлаған кезде жазылым тапсырмасының құрылымын қалай беретініңізді мұқият ойланып алу қажет. Себебі құрылымды дұрыс және түсінікті етіп беру – мұғалімнің жетістікке жету жолдарының негізгі бастамаларының бірі. Жазылым жұмысының құрылымы алдын ала дайындық бойынша жазба жұмыстарынан, негізгі жазба жұмысын жасау бойынша жұмыс, тексеру жұмыстарын, түзетулер енгізу бойынша жұмыстар, жасалған жазбалар бойынша таныстыру жұмыстары ұйымдастырудан тұрады.

Осы орайда мәтінмен таныс болып, оқушының жазылым арттыратын мағынаны тану кезеңінде «Хат жазу» әдісі, стратегиялар бар. Сонымен қатар, талдау картасы тәсілдерін қолдану тиімді және ой толғаныс кезеңінде эссе маңызды. Мұғалім мәтінмен жұмыс кезінде графикалық органайзерлерді де пайдалана алады. Графикалық органайзерлер оқушының жазба жұмысын тиімді жазуына ықпал етеді. Оқушының қолында өзі жазған құрылымдалған жұмыс жобасы болады. Осы жобаға қарап отырып оқушы жұмысын эссе, шығарма, тезис не қысқа жазба жұмыстарын жазуда қолдана алады. Бастауыш сынып оқушылары қысқаша жазба ретінде жұмыс жазса, жоғары сынып оқушылары ауқымды бөлімдерден тұратын эссе жазуы қажет. Мұнда маңыздысы мұғалім оқушыға бір бөлімнен екінші бөлімге өтуге көмектесуі қажет.

Қорытындылай келе, оқылым және жазылым дағдыларын дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері өте көп екендігін байқаймыз. Алайда ең ұтымды әдістерді пайдаланып ғана мақсатқа жетеміз. Осы орайда мәтінмен жұмыстың маңыздылығына көз жеткіздік. Екі дағды өзара тығыз байланысты, әрі бұл екеуін дұрыс байланыстыра білген кезде ғана ойдағыдай нәтижеге жетуге болатындығы сөзсіз. Оқылым және жазылым жазбаша қарым-қатынас құрудың тиімді құралдары болғандықтан мұғалім дұрыс жоспармен жұмыс жасауы қажет.

Мұғалім өзі жақсы білім алушы болған кезде ғана оқушыларына жақсы білім бере алады. Себебі мұғалім әрдайым өз білімін толықтырып, жетілдіріп отыруы тиіс. Мұғалімнің өзі қазіргідей өзгермелі заман ағымына ілесе алмаса, алдындағы оқытатын оқушыларына ұсынатын білімі болмай қалуы мүмкін. Оқытудың жаңа технологияларын алдымен жете меңгеріп, одан соң оқу мазмұнына, және тапсырмаларды оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігін естен шығармау қажет.

Бүгінгі күні еліміздің болашақ ұрпақтарын тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Осы ұстанымға жетудің бірден – бір жолы: білімді де, тәрбиелі ұрпақты тәрбиелеу. Сондықтан үздіксіз білім беру жолында әр ұстаз қызмет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Краевский В.В., Усова А.В. Формирование умений и навыков учебного труда в процессе обучения школьников. – М. , 2013
2. Бегман Ы. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы, 2007
3. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – 2014 - 54 б.